

**A. Совет, Е. А. Бекетов ататындағы Қараванды мемлекеттік университетінің 1-бағам студенті**

**Фылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, Е. А. Бекетов ататындағы Қараванды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты**

## ТІЛ-ТҰҒЫРЫМ

Б. Момышұлының: «Анамыздың ак сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту»<sup>1</sup>, — деген сөзі бүгінгі таңда өзектілігін жоғалтқан жок. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен корғап қалған жерімізді сактап, асыл мұрамызды қастерлеп, тәуелсіздігімізді іргелі ету үшін, ең алдымен, ана тілімізді қастерлеп. оның қанат жауына ұлес қосуымыз керек.

Бүгінгі ана тіліміздің жағдайы мәз емес. Талай қазактың «қаракөз» ұрпағы тіл білмеуден жала шегуде. Кезіндегі кеңестік идеологиялық саясаттың әсерінен білдей бір қазак жұрты туган тілінен айырыла жаздал еді. Сол заманның ызғары бүгінгі күнге әсерін молынан тигізуде. Қазак балабашшалары, мектептері туган ана тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жеткен. Сөз арасында, М. Әуезовтің тілге тиек болатын сөзі ойга оралып отыр. «Бұл дәүірде өз тілін, әдебиетін білмеген, кадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде, сынаржак азамат болады»<sup>2</sup>.

Елбасымыздың «ұш тұғырлы тіл» жобасы іске косылды. Бұл жобада қазак жастары өз ана тілімен қоса, орыс тілі және халықаралық ағылшын тілін менгеру міндетті деп белгіленген. Осылан орай, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оку мүмкіндігі туды. Сондыктан жастар шетелде окууды өздеріне басты мақсат, айқын бағыт етіп қойды. Қазіргі дамыған заманда екі жас жеткіншек болса, бірінің арманы шетелде оку немесе шетел тілдерін менгеру болып отыр. Шындығында, бұл жаман бағыт емес. Ел ертеңін дамытуда, әлемдік аренала Қазақстанды танытуда бірден-бір нақты жол. Бірак «Екі тілдің мәдениетін бойға сініру ол адамды кең тынысты етеді... Екі тілді білу — екі енені тел емгендей, екі жақты егіз нәр касиет, куат бітіреді... Дегенмен де ана тілі мен әдебиетін сүйіндер»<sup>3</sup>, — деп М. Әуезов бекер айтпаса керек. «Көш журе түзеледі» дейді қазак. Қоршілес мемлекет Өзбекстан Республикасының өзінде өзбек тілі мемлекеттік тіл болып қабылданған. Өзбек ағайындарымыз өз туган тілдерінде сөйлеуге белді бекем буып қойған. Ал шетелге келсек, Германияға неміс ұлтының көшіп баруы үшін, ең алдымен, тілден әмтихан тапсыратыны бәрімізге аян. Бұл жолда қоршілес елдердің сындарлы саясатын ұстансак, біз де тұра жолдан адаспасымыз анық. Дербес ел, тәуелсіз мемлекет болған шағымызда, мемлекет екенімізді танытатын басты белгі — тілдің толық салтанат құрыл, қулашын кең жағын шағы әлдекашан жеткен.

Біздің ойымша, қай ұлт болмасын, сол өмір сүріп жатқан мемлекеттің ортақ қазынасын иемнетіндіктен, туган елінің тілін қастерлеп, биікке көтеріп, тілін үйренуі керек. Олай болса. жарқын болашактың есігін, туган ана тілімізben айқара ашайық, ағайын!

<sup>1</sup> Туган тілдің толғагы // Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің кепілі // Егemen Қазақстан. 2010. 19 наурыз.

<sup>2</sup> Кордабаев Т. Қазак тіл білімінің меселелері. — Алматы: Руан, 1991. — 115 б.

<sup>3</sup> Туган тілдің толғагы // Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің кепілі // Егemen Қазақстан. 2010. 19 наурыз